

• Тағзым

Ғылым саласының тартымдылығын, оған жастардың қызығушылығын арттыру үшін нақты ғылыми еңбегімен және осы саладағы ұйымдастырушылық талантымен халқымыз үшін үлкен іс тындырған шоктығы биік тұлғаларымызды еске алып, өнеге мектебіне айналдыру қажет.

Қазақ халқынан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы, ВАСХНИЛ-дің академигі әрі оның Қазақ филиалы президиумының бірінші төрағасы, Қазақ КСР Жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары болып істеген Кәрім Мыңбаевтың есімі, міне, осындай құрметке әбден лайық. Ол 1906 жылғы 15 тамызда қазіргі Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Ивановка ауылында дүниеге келді.

Кәрімнің көзі ашық, ойлы азамат боп өсуіне жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинмен қызметтес болған туған ағасы Тұрысбек Мыңбаевтың ықпалы көп тиітті.

Ташкент қаласындағы Орта Азия мақтa-иригация институтын 1932 жылы үздік бітіріп, егін шаруашылығының агрономы мамандығын алған Кәрім алғашқы еңбек жолын Грузиядағы Кавказ тәжірибе стансасында ғылыми қызметкерліктен бастады. 1934 жылдан 1936 жылға дейін Екінші қауқуқ оқу-өндірістік шаруашылығының директоры қызметін атқарып, бұл өсімдіктің келешегінің зор екенін, қарқынды дамып келе жатқан автомобиль өндірісі үшін аса қажет өнім әрі әскери-стратегиялық мақсаттағы шикізат көзі екенін анықтап, осы салада ғылыми ізденістер жүргізуді алдына мақсат етіп қояды.

Бұл кезде Кеңес Одағы қауқуқ өндіру жөнінен әлем бойынша жетінші орынға шыққан еді. Екінші қауқуқ оқу-өндірістік шаруашылығында К. Мыңбаевтың басқаруымен оны көбейту, өсіру технологиясы игеріліп, одан резина жасауға қажетті шикізат өндіру проблемалары өндірістік дәрежеде зерттеліп, кең көлемде қолданыла бастауы оның ғылым жолына біржолата ден қоюына түрткі болды. 1936-1939 жылдары Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының аспирантурасында оқып, кандидаттық диссертациясы тақырыбына “Көксағызды жақсартудың негізгі жолдарын” тандап алды. Аспиранттың ғылыми жетекшісі сол кездегі институт директоры, атақты академик Н. Вавилов бұл тақырыптың отандық автомобиль өндірісін дамытудағы маңызын ескеріп, аспирантураны 1939 жылы бітірген Кәрімді институттың қауқуқ өсімдіктер бөлімінің меңгерушісі етіп тағайындайды. Сөйтіп, болашағына үлкен жол ашылған ғалым 1940 жылы кандидаттық жұмысын ойдағыдай қорғап шығады.

Осы тұста жас ғалымның тағдырына соғыс келіп килікті. Азаматтық, патриоттық ұстанымға берік Кәрім кеңес ғалымдарының арасында алғашқылардың бірі болып өзі сұранып майданға аттанғанымен, жүргізген зерттеу жұмыстарының стратегиялық маңызына байланысты 1941 жылдың аяғында әскерден арнаулы шешімен босатылып, бұрынғы институтының қарамағына жіберіледі. Бірақ, бұл кезде аталған ғылым ордасы Краснофимск қаласына эвакуацияланып, Кәрім жасап кеткен көксағыз өсімдіктерінің жаңа жүйесі жоғалып кеткен еді. Сондықтан ол бұл жұмысты өзінің туған елі Қазақстанда жалғастыруды жөн деп шешті.

1942 жылы елге қайтқан жас ғалымды Қазақстан Үкіметі үлкен ықыласпен қабыл алып, оны Қазақ КСР Жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындайды. Осы қызметімен қоса ол республиканың Мақтаарал, Киров, Ильичев, Қызылқұм аудандарында қауқуқ өндірісіне қажетті өсімдіктер шаруашылықтарын құруды қолға алады.

Ғылым мен мемлекеттік қызметті қатар жүргізген Кәрім Мыңбаев Оңтүстік Қазақстан облысы аймағында қауқуқ көп беретін көксағыздың жаңа тұқымдарын шығарып, қауқуқ өндірісін негізгі өсімдіктердің гендік қорын қалыптастырды. Осы бағытта жүргізілген ғылыми тәжірибелік, өндірістік жұмыстарының нәтижесінде 1944 жылы “Көксағызды селекциялау мен өсірудің жаңа тәсілдері мен

өсіп келе жатқан тораңғы, қандым, сексеуіл, жиде ағаштарын, жыңғыл, тобылғы егудің жөн екендігін айтады. Бетпақдаланы мекен еткен ата-бабаларымыздың өндірі игеру тәжірибелеріне де сүйеніп, олардың тиімді жақтарын ескеріп отыру жөнінде де кеңестер береді.

Ғалымның Бетпақдаланы зерттеу нәтижесінде жазылған кітабында көшуге ыңғайлы болу үшін осы

Бетпақдаланың бағын ашқан

**Б. СЕЙДАЛИЕВ,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры.**

биологиялық ерекшеліктері” деген тақырыпта биология ғылымдарының докторлығына диссертация қорғады. Осы жылы ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы президиумының төрағасы болып тағайындалды.

Кәрім Мыңбаевтың басшылығымен еліміздің егін және мал шаруашылығы институттарындағы ғылыми-тәжірибелік жұмыстардың бағыты дамудың интенсивті арналарына негізделініп қайта жасалынды. Ғалымның тікелей араласуы және ұйымдастыруымен республикадағы мал шаруашылығының өркендеуінде үлкен маңызға ие болған екі ғылыми мекеме — Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру, сондай-ақ мал дәрігерлік институттары құрылды. Мұндағы Құлы тауларының арасынан ағып өтетін Көктас өзенінің терістік жағында Бетпақдаладағы тәжірибе стансасы ашылды.

Кәрім Мыңбаевтың отансүйгіштігі, ел қамын ойлайтын кемеңгерлігі ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалының атынан Бетпақдаланы зерттеуге арнайы экспедиция ұйымдастырып, соған басшылық жасауынан көрінді.

Экспедиция жұмысына басшылық жасаған Кәрім Мыңбаев жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде: “Қазақ үшін Бетпақдала — бедірейген дала емес, бақ дала, оның себебі Бетпақдаланың астында адамға, малға пайдалануға болатын мол су қоры бар, ол әрі кеткенде жерден 5-9 метр тереңдікте жатыр”, деп тұжырым жасайды. Оның үстіне ғалым 1948 жылы Бетпақдаланы суландыру проблемасын шешу үшін Балқаш көлінің Шу өзенімен қосу, оған баратын судың көлемін Іледен Балқашқа келетін шамادا реттеп отыруды ұсынады. Бұл мәселені тиянақты шешудің екі нұсқасын әзірлеп, суды қай жерден алып, қай жерге апарудың да бағытын көрсетеді.

Бетпақдалада мал шаруашылығы мен егіншілікті дамыту үшін шөл мен шөлейтті жерлерге бейімделген мал тұқымдарын, оның ішінде еділбай, қаракөл, тиссар, шу қойларын, жергілікті қазақ, алай жылқыларын, қазақ, моңғол түйелерін өсірудің қажеттігін, ал егіншілікпен кәсіп ететін шаруалар үшін бидай, тары, қоңақ шөп, малға жем үшін арпа, көпжылдық шөптер егудің тиімді болатындығын дәлелдейді. Құмның жылжуына қарсы шаралар қолданудың қажеттігін, ол үшін жеміс беретін ағаштармен бірге шөлді жерлерде қасырлардан бері



өндірі мекендеген халық тәжірибесінде малдың 28-30 пайызын түйе (жүк артуға), 18-20 пайызын жылқы (қымыз, ет, қазы-қарта өндіруге), 50-55 пайызын қой мен ешкі (сүт, ет, тон, жүн, киім өндіруге) құрағаны айтылады. Қыстауды Шу өзенінің бойында өткізген халық көктем шыға малдарын жайып, Шу бойымен 700-800 шақырым қашықтықты, Сарысу, Атасу, Құлан-өтпес, Нұра бойымен Мойынқұмды, Сарыарқаны, Бетпақдаланы басып өтіп, қазіргі Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарының жеріне дейін көшіп барып жаз жайлауларына орналасқан. Ерте, тез көшкендері бірінші боп барып шұрайлы, суды жерлерді жайлаған. Малы көп қазақ байларының бірі Бегұлы өз малдарын шөлге төзімділікке үйрету үшін жас құлын, жабағы, тайды күніне бір рет, биелерді екі күнде бір рет, бойдақ малдарды екі күн өтіп, үшінші күні суарып отырған. Осылай шөлге үйренген малдармен Бегұлы жылда елден ерте көшіп, Сарыарқаның ең жақсы, шүйгін жерлеріне орналасады екен.

Кәрім Мыңбаев аталған өңірдегі тіршілік мәселесін және ондағы барлық су көздері мен өсімдік түрлерін (ерек, ақселеу, бидайық, рап, ізен, ақ және қара жүсан, ақ бұрған, сағыз, біртұямыр, қызылша, сексеуіл, жыңғыл, т. б.) зерттеп келе Сарыарқаның жазғы жайлауында 10 млн. бас, Мойынқұмда 2 млн. бас, Бетпақта 4-5 млн. бас мал өсіруге болады деп қорытынды түйеді. Сонымен қатар, Бетпақты игеруді

кешейілдетпей қолға алуды, бұл үшін осы өңірден мал шаруашылықтарын ұйымдастыруды ұсынады. Игерудің алғашқы қадамы ретінде Қарағанды облысының Жаңарқа, Ұлытау, Жезқазған аудандарының, Жамбыл облысының Сарысу, Талас, Көктерек, Шу аудандарының шаруашылықтарындағы малдарды жазда Бетпақтың даласына шығаруға ұсыныс жасайды.

Ғасырлар бойы шөл мен шөлейт жерлерге саяхат құрған ғалымдардың көпшілігі мұндай өңірлерді әскери мүдде тұрғысынан немесе оларды қалай аман-есен кесіп өтуге болады деген мәселе тұрғысынан ғана зерттеп, ең арысы сол жерді мекендеген тайпалар мен елдердің тарихы мен салт-дәстүрі жайында еңбектер жазумен ғана шектеліп келгені белгілі. Ал Кәрім Мыңбаев бастаған экспедиция Бетпақдаланы келешекте тұрмыстық-өндірістік тұрғыдан игеру мақсатында зерттеді. Осы мақсатта үлкен жұмыстар жүргізіп, жер, су ресурстарына барлау жасап, өндірі пайдаланудың жолдарын көрсетіп берді.

Кемеңгер ғалым К. Мыңбаевтың 1948 жылғы жасаған болжамдары мен тұжырымдары бұлжытпай келіп, 1956 жылдан бастап Мойынқұм, Сарыарқа, Бетпақдала өңірлерінде жаңа мал шаруашылықтары құрылып, бос жатқан ресурстар халық игілігіне пайдаланыла бастады. Мұның өзі Кәрім Мыңбаевтың өмірі мен ғылыми ізденістері, жасаған болжамдары мен тұжырымдары қазақ елінің дамуына әлі күнге қызмет етіп келе жатқандығын көрсетеді.

Небәрі 42 жыл өмір сүрген талантты ғалым 200-ге тарта ғылыми жұмыстар, туындылар жазды. Екі үлкен монографияны ғылыми көпшіліктің назарына ұсынды. Олар 1948 жылғы шыққан атақты “Бетпақдала шөлі” мен “Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру жолдары” атты екі кітабы.

Мыңбаев 1948 жылы 30 қыркүйекте ВАСХНИЛ-дің мерейтойлық сессиясына Мәскеуге бара жатқан сапарында төтенше әуе апатынан қаза болды. Көзі тірісінде дайындап кеткен ғылыми еңбектер жинағы 1949 жылы қомақты көлемде “Алдыңғы қатардағы ауылшаруашылық ғылымы” деген тақырыппен кітап боп қалың елге таралды.

Кәрім ағамыздың отбасы жайлы әңгіме қозғасақ, 1936 жылы Қазақтың егіншілік институтында ғылыми қызметкер боп аз ғана уақыт жұмыс істеген кезінде Милица Васильевнамен танысып, Ленинградтағы аспирантурада оқып жүрген уақытында отбасын құрайды. 1937 жылы өмірге келген үлкен қызы Гүлнәр геолог мамандығын игерді. 1939 жылы үлкен ұлы Жафар туы. Ол - дәл аспаптар жөніндегі инженер-электрик, Нью-Йорк университетінің профессоры. Америка Құрама Штаттарында тұрады.

1943 жылы дүниеге егіздер - қыз бен ұл - Алла мен Тимур келді. Алла - физик, Тимур кезінде Қазақтың симфониялық оркестрін басқарған белгілі дирижер, музыкант.

Белгілі ғалым қызмет бабында тек ғалымдармен ғана емес, өз дәуірінің белгілі жазушы, қоғам қайраткерлерімен де достық қарым-қатынаста болды. Жазушылар Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Әбділла Тәжібаевтардың отбастарымен араласып тұрды.

Кәрім Мыңбаев туралы бұл макаланың жазылуының себебін жоғарыда айттық. Сонымен қоса үстіміздегі жылдың тамыз айында оның туғанына 100 жыл толатындығын да атап көрсеткеніміз жөн.

Бүгінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы ғылымы үлкен өзгерістер бастауында тұр. Ол Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағына өткеннен бері ғылымды өндіріске жақындату ісі қайта жанданды. Міне, осындай тұста Кәрім Мыңбаев секілді өмірін Отанға, ғылымға адал қызмет етуге арнайтын ігерішіл жастардың қажетті аяқын сезілуде.